

М.К. Ахметова<sup>1\*</sup>, Г.О. Сыздықова<sup>2</sup>, А.Б. Абилмажинова<sup>3</sup>, А.Н. Ғабдірашит<sup>4</sup><sup>1, 2, 3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;<sup>4</sup>Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан(E-mail: [ma7988335@gmail.com](mailto:ma7988335@gmail.com), [go.syzdykova@mail.ru](mailto:go.syzdykova@mail.ru), [abilmazhinova1010@gmail.com](mailto:abilmazhinova1010@gmail.com),  
[gabdirashit.aruzhan@gmail.com](mailto:gabdirashit.aruzhan@gmail.com))**Тілдік сана көрінісін этникалық-когнитивтік тұрғыда зерделеу**

Тілдік сана мәселесі философия, логика, психология, когнитология, лингвистика салаларында әр қырынан зерттеледі. Тіл білімінде тілдік сана сипаты тіл мен ойлау, тіл мен сана, тіл мен әлем бейнесінің, сана мен сөйлеу әрекетінің бір-бірімен байланысын анықтау арқылы ашылады. Мақалада этномәдени бірліктердің тілдік санадағы көрінісі талданып, психолингвистикалық тұрғыда қарастырылған. Тілдік сана көрінісі — санадағы бейнелер жүйесінің түрлі тілдік деңгей бірліктері арқылы заттануы. Тіл таңбалар жүйесінен тұратын құрылым ғана емес, ол — санада әлем бейнесі туралы қалыптасқан ұғым-түсініктерді жеткізуші таным құралы. Белгілі бір ұлттың тілдік сана көрінісін зерделеу ұлттық бірегейлікті, ұлттық мәдени кодты, оның сақталу деңгейін анықтауға жол ашады. Сондықтан қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көрінісін айқындау сана түкпірінде жатқан этникалық-когнитивтік ерекшелікті тануға, ұлттық болмысты сипаттауға, жастардың таным-түсінігіндегі құндылықтар жүйесін тануға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында 17-35 жас аралығындағы қазақ жастарының этномәдени санасындағы тілдік көріністерді анықтау үшін эмпирикалық зерттеу әдісі қолданылып, еркін ассоциациялық тәжірибе жүргізілді. Алынған нәтижелер сараланып, *көрімдік*, *құйрық-бауыр*, *қошқар мүйіз* секілді стимул-сөздерге берілген реакциялар талданды. *Көрімдік* ассоциациялық-вербалды өрісінің өзегі — *ақша*, *құйрық-бауыр* өрісінің өзегі — *құдалық*, *қошқар мүйіз* өрісінің өзегі — *ою* екені анықталып, респондент жауаптарында қайталанған реакциялардың ұжымдық сана көрінісін сипаттайтыны дәйектелді. Кейбір жауаптардан жеке тұлғаның көзқарас-пікіріне, алған әсері мен өмірінде есте қалған белгілі бір сәттеріне қатысты мәліметтер алынды. Этномәдени сана көрінісінің сөз, сөз тіркесі, сөйлеммен ассоциацияланып, түрліше таңбаланғанына қарамастан, әр стимул-сөзге алынған реакциялардан мазмұн ортақтығы мен мағына бірлігі байқалды. Талданған ассоциациялық-вербалды өрістерде этномаркерлі ұғым-түсініктердің кездесуі қазақ жастарының санасында «этномәдени білімнің» жинақталғанын, тілдік санада ұлттық айшықтың бедерленгенін көрсетті. Ассоциациялық-вербалды өріс қазақ жастарының тілдік сана көрінісін беретін, әлемнің бейнесін модельдейтін маңызды мағыналық құрылым ретінде айқындалды. Сонымен қатар тәжірибеге қатысушылардың тілдік санасындағы көрініс-бейнелердің қалыптасуына ықпал еткен факторлар (БАҚ, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қоршаған орта, мектеп, өнер туындылары т.б.) талданып, рухани, материалдық мәдениетке қатысты ұғым-түсініктерді орнықтыруда отбасының басты қызмет атқаратыны анықталды. Тәжірибеге қатысушылар салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қоршаған орта, әдебиет, мәдениеттің де таным-түсініктеріне әсер еткенін атап көрсетті. Нәтижесінде қоршаған әлем туралы білімді жинақтау және оны белгілі бір тілдік таңбалар арқылы жеткізу сананың түрлі факторлармен қарым-қатынасы негізінде жүзеге асатыны дәйектелді.

*Кілт сөздер:* тілдік сана көрінісі, этномәдени лексика, еркін ассоциациялық тәжірибе, стимул-сөз, реакция-сөз, өріс өзегі.

*Kipicne*

Антропоэекті парадигманың дамуымен байланысты қазақ тіл білімінде «тіл-ұлт-мәдениет», «тіл-ұлт-таным» ұштағаны тұрғысынан көптеген зерттеулер жүргізіліп, «тіл — ұлттың өткенін таңбалап, бүгіннен хабар беретін мол қазынасы, келешегін бағамдайтын құнды құралдардың бірі» екені, сөйтіп, тіл мен ұлттың ажырамас бірлікте қарастырылатын біртұтас дүние екені анықталды. Тілдегі этномәдени бірліктердің басты белгілері ішкі, сыртқы лингвистиканың әдіс-тәсілдерімен Ә. Қайдар [1-4], Е. Жанпейісов [5], Р. Сыздықова [6], Ж. Манкеева [7], Г. Смағұлова [8], Н. Уәли, Р. Шойбеков [9], Р. Авакова [10] т.б. еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Дегенмен олардың қазақ халқының санасында қалай ассоциацияланатыны, яғни қазақ тілін қолданушылардың аталған тілдік таңбаларды қандай көрініс-бейнелермен, атаулармен байланыстырып танитыны арнайы зерттеу нысанына алынбады. Қазіргі жаһандану кезеңінде сан түрлі ақпараттармен алмасып отырған қазақ

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [ma7988335@gmail.com](mailto:ma7988335@gmail.com)

жастарының «ана тілі әлеміндегі» (Ө. Қайдар) тілдік санасы ашылмады. Сондықтан зерттеуімізде қазақ жастарының ұлттық санасындағы дәстүр сабақтастығы мен өскелең ұрпақты ерекшелейтін тілдік сананы қарастырамыз. Бұл жұмыстың жаңашылдығын, маңызын көрсетеді.

Ж. Манкеева атап өткендей, «қоғамдық сана мен жаңа бағыттағы зерттеулер контексінде... ұлттық тіл ерекшелігінің сырын, табиғатын сол тілде сөйлеуші ұлт өкілінің рухани, психологиялық, әлеуметтік, т.б. сипаттарымен біртұтастықта зерттеу» қажет [11; 187]. Ол тілдің мына қызметтерімен де байланысады: «1) Тіл арқылы әлем бейнесі жасалады, бұл адам санасындағы әлемнің ең терең қабаттарын бейнелейді. 2) Тіл осы бейнелерді басқаларға жеткізу, түсіндіру үшін қолданылады, осылайша жеке адамнан ұжымға дейін жинақталған білім таралады» [12]. Сондықтан қазақ лингвистикасында тілдік сана көрінісін зерттеу этномәдени санадағы ақпаратты айқындауға мүмкіндік беретін өзекті мәселе қатарына жатады. Сана көрінісіне деген қызығушылықтың артуы жаһандану дәуірінде мәдениет пен тілдердің қарым-қатынасқа түсіп, ықпалдасуына қатысты деп есептейміз. Мәселен, Ф. Артықбаева, т.б. мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан ассоциациялық сөздіктерді талдау арқылы қазақ, ағылшын, испан халқы менталды лексиконының өзегін қарастырады [13].

### Әдебиеттерге шолу

Этномәдени сана — «ұлттық мәдениет пен ұлттық психологиялық ерекшеліктермен байланысты мәдени шартталған әлемнің инвариант бейнесі... Этнолингвистикалық сана әлемнің тілдік бейнесімен пара-пар емес, өйткені оған танып-түсінілген, құрылымданып, вербалданған біліммен қатар бейсаналық та тән» [14; 10]. Қазақ жастарының этномәдени сана көріністерін анықтау үшін стимул-сөз ретінде *көрімдік*, *құйрық-бауыр*, *қошқар мүйіз* секілді этникалық бірліктер алынды. Е. Жанпейісов пайымдауынша, қазақ халқының этномәдени лексикасы — этностың тарихынан, халықтың материалдық және рухани мәдениетінен мол ақпарат беруші, этникалық қасиеттердің негізгі тасымалдаушысы. Этнолексика — дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетті, тұрмыстық тілді, қарапайым сананы бейнелеуші [5; 178]. Бұл бірліктер — халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданған, көріп-білген заттар дүниесі мен құбылыстарды, салт-сананы таңбалаушы.

«... *Идиоэтика* сөзі (гректің *идио* — «өзіндік», «ерекше» және *этнос* — «тайпа», «халық» сөздерінің бірігуінен жасалған) «ұлттық ерекшелік» дегенді айқындайды. Демек *идиоэтикалық семантика* «ұлттық-мәдени ерекшелікті, этникалық өзгешелікті, этнос болмысын танытатын семантика» дегенді білдіреді» [15; 4]. Идиоэтикалық бірліктердің көнерген аталымдар қабатына енгендері баршылық. Қазақ тілін қолданушылар, соның ішінде жастар көнерген аталымдардың мән-мағынасын түсінбеуі мүмкін. Ол — саяси-әлеуметтік, қоғамдық-тарихи, тұрмыс-тіршіліктегі өзгерістермен байланысты үздіксіз жүріп отыратын үрдіс. Мағынасы көмескіленген атауларды стимул-сөз ретінде ұсыну ассоциациялық тәжірибе нәтижесіне әсер етеді. Сондықтан зерттеуімізде қазіргі қарым-қатынаста жиі қолданылып жүрген мағынасы түсінікті тілдік бірліктер алынды.

Әлемдік тіл білімінде тіл, мәдениет, таным (Э. Сепир, Б. Уорф, т.б.), ойлау мен сөйлеу (Л. Выготский, А. Леонтьев, т.б.) тіл мен ой (А. Потебня, т.б.), тіл мен сана (А. Лурия, Н. Болдырев т.б.), тіл мен білім (Е. Кубрякова, т.б.), тілдік сана, ой суреттері (менталды бейнелер) мен олардың тілдік көріністері арасындағы байланыс (Н. Уфимцева, Т. Ушакова, т.б.) көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Сана мен тіл байланысын зерттеген Д. Серл сананы ас қорыту т.б. дене мүшелері секілді ағзаның бір бөлігі ретінде қарастырады, «алайда басқа биологиялық құбылыстарда кездеспейтін маңызды белгісі бар», — деп, сананың «субъективтілігін» көрсетеді. Оны әр адам санасының даралығымен, біреу сезінген ауруды, ойды, басқа да нәрселерді екінші біреудің дәл солай сезініп, ойлай алмайтынымен түсіндіреді [16]. Бұл айтылған пікірді ассоциациялық тәжірибе барысында түрлі жауаптардың берілуімен байланыстыруға болады.

А. Вежбицкая еңбектерінде кілт сөздердің мағыналарын мәдениетпен, ұлтпен, ойлау тәсілімен сабақтастықта талдау арқылы тілдің этноөзектілігіне назар аударады. Ғалым: «Қоғам өмірі мен ол сөйлейтін тілдің сөздік құрамы арасында тығыз байланыс бар. Бұл өмірдің ішкі және сыртқы жақтарына бірдей қатысты. Оған мысал ретінде материалдық салаға енетін тамақты алуға болады. Мәселен, поляк тілінде *бұқтырылған қырыққабат (bigos)*, *қызылша сорпасы (barszcz)*, *қара өрік тосабы (poivida)* деген сөздер бар, ал мұндай сөздер ағылшын тілінде жоқ немесе ағылшын тілінде *апельсин тосабын (marmalade)*, ал жапон тілінде *күріштен жасалған ішімдікті (sake)* білдіретін ерекше атаулардың болуы кездейсоқтық емес. Шындығында, бұл сөздер халықтың тамақтану дәстүріне қатысты біраз мәлімет берері анық», — дейді [17]. Зерттеуімізде стимул-сөз ретінде

ұсынылған тілдік бірліктер — басқа тілде кездеспейтін, қазақ салтынан хабар беретін атаулар, ал алынған реакциялар — ұлттық кодтың ашылуын, әлемнің ұлттық тілдік бейнесін сипаттайтын таңбалар. Осы тұста Н. Уфимцеваның: «Ассоциациялық-вербалды желі — белгілі бір мәдениетті/тілді қолданушының қарапайым санасындағы әлемнің тілдік бейнесінің үлгісі. Ол тілдік бейненің жүйесі мен мазмұнын, оған ықпал ететін факторларды зерттеуге мүмкіндік береді. Орыс тілі/мәдениетінің иеленушісі үшін мұндай факторларға аймақ пен шет тілді мәдени орта жатады», — деген пікірін келтіреміз [18]. Демек, өскен орта, жат жұрттық мәдениет т.б. факторлар тілдік санадағы көрініс-бейнелердің мазмұнына өз әсерін тигізеді. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырушы факторлар ұсынылған стимул-сөздің прагматикалық әлеуетіне де қатысты.

### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Зерттеу нысанына алынып отырған этномәдени лексика — ұлттың өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен, танымынан, рухани және материалдық мәдениетінен хабар беретін бірлік. Осы сөздердің астарында жатқан сын-сипатты, іс-әрекетті және түрлі бейне-көріністерді анықтау мақсатында сауалнама, еркін ассоциациялық тәжірибе жүргізілді. Ассоциациялық тәжірибе — сана түкпірінде жатқан сөздердің жарыққа шығуына әсер ететін әдістің бірі. Психоллингвистикада ассоциациялық тәжірибенің еркін, бағытталған, тізбекті деген бірнеше түрі қолданылады [19; 202; 20; 54]. Еркін ассоциациялық тәжірибе лингвистикалық зерттеулерде, соның ішінде когнитивтік, этнолингвистикалық, психоллингвистикалық ізденістерде кеңінен жүргізіліп келеді. Еркін ассоциациялық эксперимент қарапайымдылығымен, тиімділігімен сипатталады. Нәтижесінде реакция түрлері тіркеледі, сөздің ассоциациялық мағынасы, біртектес ассоциациялардың жиілігі, адамның менталды лексиконы анықталады.

Еркін ассоциациялық тәжірибеден алынатын реакцияларға екі фактор әсер етеді: 1) Лингвистикалық, яғни ұсынылған стимул-сөздің өзіндік сипаты; 2) прагматикалық, яғни тәжірибеге қатысушының жеке тұлғасы. Е.И. Горошко алынатын реакцияларға әсер етуші факторлардың енді біріне тәжірибенің өткізілу барысын да жатқызады. Еркін ассоциациялық тәжірибеде зерттеушімен сөйлесудің, танымдық әрекеттерді жүзеге асырудың қажеттілігі байқалмайды, себебі тәжірибеге қатысушы еш ойланбастан, ойына бірінші келген бейне, көрініс арқылы жауап береді [20; 55]. Осы зерттеуде еркін ассоциациялық тәжірибе сауалнама сұрақтарымен бірге ұсынылып, негізгі әдіс ретінде қолданылды. Біздің зерттеуімізде ассоциациялық тәжірибе онлайн түрде Google формада өткізілді. Сауалнама 2024 ж. тамыз айында жүргізілді. Тәжірибені өткізуші бұл үрдіске тікелей қатыспай, сырттай бақылаушы қызметін ғана атқарды. Реакцияларды жазуда респонденттерге уақыт және кеңістік жағынан еш шектеу қойылмады, әркім өз тілдік санасындағы көрініс-бейнелерді жазып толтырды, көзқарас-пікірлерін білдірді. Зерттеуге 17-35 жас аралығындағы қазақ жастары қатысты. Бұлар — тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген әрі бірнеше тілді меңгеріп, соған сәйкес көп мәдениетті, көп ұлтты ортада өскен ұрпақ. Осы жас аралығы сауалнамада арнайы белгіленіп, көрсетілді. Демек, жас жағынан белгілі бір дәрежеде шектеу қойылды. Өйткені зерттеу қазақ жастарының тілдік санасындағы этникалық-когнитивтік сипатты ашуға бағытталды.

Сонымен қатар ассоциациялық өрістегі бірліктердің ерекшеліктерін анықтап түсіндіруде сипаттау, жинақтау, жүйелеу, топтастыру, компоненттік және сандық талдау әдістері қолданылды. Сауалнама нәтижелері R-Studio, Microsoft Excel бағдарламалары арқылы өңделді. Тілдік бірліктердің мән-мағынасын ашуда лексикографиялық материалдар пайдаланылды.

### *Нәтижелер мен олардың талқылануы*

Ассоциациялық тәжірибеде стимул-сөз ретінде қолданылған *құйрық-бауыр, көрімдік, қошқар мүйіз* лексемалары сауалнамаға қатысушылардың санасында жинақталған ұғым-түсініктерді өзектендіріп, олардың интуитивті түрде сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін түрінде сыртқа шығуына түрткі болады. Ассоциациялану кезінде ана тілін қолданушының санасында қалыптасқан стереотиптер, құндылықтар жүйесі мен осы мәдени ортаға тән басты деген дүниелер көрініс береді.

Ассоциациялық тәжірибеге қатысушылардың ұлттық-мәдени, әлеуметтік-тілдік бейнесін сомдау үшін төмендегі мәліметтерді келтірейік. Бұлар — қазақ жастарының тілдік санасындағы әлем бейнесін түсінуге қажетті ақпарат. Сонымен, экспериментке қатысқандардың жалпы саны — 62. Олардың 87,1 %-ы әйел, 12,9 %-ы ерлер. Жас шамасына келер болсақ, 54,8 %-ы 17-21, 30,6 %-ы 22-29, 14,5 %-ы 30-35 жастағылар. Соның ішінде 51,6 %-ы — студент, 11,3 %-ы — магистрант, 4,8 %-ы

— докторант, 29 %-ы — қызметкер, 3,2 %-ы — бала күтімімен отырған ана. Информанттардың мамандықтары әр алуан: 67,7 % — гуманитарлық, 16,1 % — техникалық, 6,5 % — қоғамдық, 6,5 % — медицина, 4,8 % — жаратылыстану бағытындағылар. Сауалнамаға қатысушылардың қазіргі кезде 85,5 %-ы қалада, 14,5 %-ы ауылдық жерде тұратынын, ал ұзақ уақыт бойы 56,6 %-ы қалада, 43,5 %-ы ауылда тұрғанын көрсеткен. Бұдан респонденттердің жартысынан астамының қалалық жерде өмір сүргені байқалады. Ассоциациялық тәжірибеге қатысушылардың барлығы 100 % — қазақ, ҚР азаматтары. Осылардың ішінде екі адам 2006, 2011 жылдары Қазақстанға қоныс аударғаны туралы мәлімет келтірген. Ұлты, өсіп-өнген орта секілді сыртқы лингвистикалық факторлар респонденттердің ассоциацияларына тікелей әсер етеді.

Тәжірибеге қатысушылардың 96,8 %-ы қазақ мектебінде, 3,2 %-ы орыс мектебінде оқыған. Бұлардың 11,3 %-ы — мектепке дейін орыс, 88,7 %-ы қазақ тілінде сөйлеген. ЖОО-да 80,6 %-ы қазақ, 16,1 %-ы ағылшын, 1 %-ы орыс, 1 %-ы қазақ-орыс тілдерінде білім алған не білім алып жатқан жастар. Респонденттердің 74,2 %-ы қазақ, 21 %-ы орыс, 4,8 %-ы қазақ-орыс тілдерінде қарым-қатынас жасайды. «Ана тіліңді қандай деңгейде білесің?» деген сұраққа 91,9 %-ы «еркін сөйлеймін, оқимын, жаза аламын», 3,2 %-ы «еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ жаза алмаймын», 4,8 %-ы «түсінемін, ойымды жеткізуде қиналамын», 3,2 %-ы «түсінемін, сөздік арқылы аударамын», 1,6 %-ы «түсінемін, бірақ ойымды жеткізе алмаймын», – деп жауап берген. Пайыздық арақатынастан көріп отырғанымыздай, ағылшын, орыс тілдерін қолданатындарға қарағанда, респонденттердің басым көпшілігі мектепке дейін қазақ тілінде сөйлеген; мектепте, ЖОО-да қазақ тілінде оқыған; қарым-қатынаста қазақ тілін қолданады және еркін сөйлейді, оқып, жаза алады. Сауалнамаға қатысқан аудиторияның басым бөлігін қазақ тілі арқылы әлем бейнесі қалыптасқан орта деп есептейміз, өйткені тіл ақпаратты сақтайды, тасымалдайды, тіл арқылы қарым-қатынас жасалады. «Жеке тұлғаның тілдік санасы қарым-қатынас тәжірибесінің нәтижесінде қалыптасады, себебі тілді қарым-қатынассыз игеру мүмкін емес. Тілдік сана диалогтік сипатты иеленеді және мәдениетпен тікелей байланысты болады. Тілдік сананы этномәдени тұрғыда сипаттағанда, ол — субмәдениеттің полилогы ретінде танылады» [21; 17].

*Көрімдік* — халық арасында бүгінгі күнге дейін жойылмай, қолданылып келе жатқан кәделердің бірі. Сөздіктерде: «көрімдік — зат. этн. жас нәрестені, жаңа түскен келінді т.б. бірінші рет көргендігі үшін қонақтың, дос-жаранның үй иелеріне не олардың жақын-жуықтарына беретін сыйлығы» [22], «орын алған қуанышқа ортақтас екендігінің нышаны ретінде берілетін кәде. Дәстүрлі қазақы ортада көрімдік қуанышты жағдайлардың әрқайсысына қатысты беріледі» деп түсіндірілген [22]. Тілде *көрімдіктің* мән-мағынасын ашатын көптеген мысалдар бар: *Келіңдер бетін ашамын, Көрімдік сұрап аламын* (Ә. Тәжібаев. Сарыарқа). *Көрімдік қып мен осыған, Көк аспанды бергім келді* (Қ. Сарин. Керім).


Ассоциациялық тәжірибе барысында *көрімдік* сөзіне алынған реакциялар саны — 21. Оның ішінде *ақша* (24) және осы тілдік көрініс шеңберінде қарастыруға болатын *Қазақ халқының қызыққа берілетін ақшалай немесе басқа да сыйлықтары* (1); *Ақша беру көрген дүниеге (жаңа)* (1); *Бала егер бір жетістікке жетсе, жаңа зат сатып алса туысқандары беретін ақша* (1); *Бір дүниені көргені үшін ақша салу* (1); *Жаңа зат алғанда берілетін ақша* (1) (респонденттердің стилі өзгеріссіз берілді) деген 5 сөйлем реакцияны қоса қарастырамыз. Сонда 29 респондент қабылдауында, *көрімдік* стимулы *ақшамен* ассоциацияланады.

*Сыйлық* (5) және 4 респондент *Белгілі бір жиында құттықтау барысында берілетін сыйлық* (1); *Құттықтап сыйлық жасау* (1); *Қуанышты дүниеге берілетін сыйлық* (1); *Жаңа туған нәрестеге, жаңа түскен келінге берілетін сыйлық түрі* (1) деген ассоциацияларды жазған. Сөйлемдерде негізгі логикалық екпін *сыйлық* сөзіне түсірілгендіктен, 9 респонденттің жауабын *сыйлық* реакциясымен байланысты аламыз. *Сый* сөзі 4 адамның жауабында кездесті. Олардың жауаптары сөйлеммен берілген: *Қуанышқа берілетін сый* (1); *Жаңа бір нәрсеге берілетін сый* (1); *Жаңа дүниеге немесе жақсы жаңалыққа берілетін сый* (1); *Келінді, немесе бір нәрсені жаңа көргенде берілетін, сұралатын кішігірім сый* (1). Жауаптарда одан басқа мынадай реакциялар да алынды: *Қуаныш* (3); *Зат* (2); *Салт-дәстүр* (2); *Жаңа* (2); *Жаңа нәрсеге ең алғаш көрген кезінде берілетін нәрсе* (1); *Мереке* (1); *Жақсылық* (1); *Құттықтау* (1); *Сүйінші* (1); *Жаңалық* (1); *Ұсыныс* (1); *Кәде* (1); *Даналық* (1); *Көрімдік беру* (1); *Сүйіншіге берілетін сый-сияпат* (1); *Негізі сүйінші сұрағанда берілетін кәде сыйлардың бірі* (1); *Балалық шағымда жаңа киім сатып алып, үйдегілерге киіп «мода» көрсеткен сәттер* (1); *Жақсы жаңалықпен бөлісу* (1). Демек, *көрімдік* ассоциациялық өрісінің орталығында орналасқан тілдік бірлік — *ақша* сөзі. Бұл — шынайы, өмір көрінісін бейнелейтін заңды

жауаптардың бірі. Өйткені күнделікті тұрмыста келін түсіру тойында «Беташарға», жаңа туылған нәрестеге, жаңадан сатылып алынған заттарға т.с.с. ақша беру кәдесі сақталған.

Негізінде, *көрімдік* жанды, ал *байғазы* — жансыз жаңа заттарға берілетін кәдені білдіретін атаулар. «Байғазы — жаңа киімге не затқа беретін жоралғы, ырым» [22]; «жас балалардың, жастардың жаңа киімі, жаңа бұйымдары үшін берілетін ақшалай, заттай сый, көрімдік (мысалы, камшы, шана, ер-тоқым т.б.)», — деп анықталған [22]. Нәтижелерден қазақ жастарының тілдік санасында көрімдік пен байғазы ұғымдарының сараланбағаны, олардың мәндес сөздер ретінде ұғынылатыны байқалды. Өйткені *көрімдік* сөзіне берілген ассоциацияларда жанды да, жансыз да нәрселер қамтылып, қазақтың қуанышқа ортақтастығын білдіретін мағынаны бейнелейтін тілдік көріністер респондент жауаптарында толық көрініс тапқан. Көрімдіктің *ақша*, *сыйлық* екені, оның жаңа түскен келінмен, жаңа туылған нәрестемен, жаңа зат, дүниелермен, жақсылықпен байланысты екені жазылған. Үш респондент жауабында *көрімдік* — *сүйіншіге* берілетін кәдемен репрезентацияланған. Бұл кәделердің айырмашылықтары бар. *Сүйінші* мағынасы — «жаңалықты, қуанышты хабарлаушыға берілетін сыйлық, жоралғы» [22] дегенді білдіреді. Ә. Қайдар: «Сүйінші — адам өмірінде болатын елеулі қуаныштарды (мыс. әйелі ұл тапқанын, баласы соғыстан сау оралғанын, жары сапардан аман келгенін, соғыстың тоқтағанын т.б. осы тәрізді) хабарлауы, жақын адамдардан кәде (сүйінші) алу салты... «Сүйінші» деп жариялап айтқан адамға өз қалауы бойынша жомарттылығы мен ауқаттылығына қарай ақшалай, не заттай кәде-ырым жасасуға міндетті», — деп [4; 397], осы сыйлық-кәденің этнолингвистикалық табиғатын ашады. Жастардың санасында *көрімдік*, *байғазы*, *сүйінші* жоралғыларын ұқсастырып ассоциация тудырып отырған нәрсе — жақсылыққа, қуанышқа орай берілетін ақша, сыйлық екендігі. Түйіндейтін болсақ, тәжірибеге қатысушылардың 47 %-ының жауабына сәйкес, *көрімдік* ассоциациялық-вербалды өрісінің өзегінде *ақша* сөзі орналасады. *Ақша* ассоциациясы — *көрімдік* стимулына қатысты жастардың танымын бейнелейтін, олардың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-жоралғыға қатысын көрсететін менталды бірлік.

*Көрімдік* сөзіне жоғарыда талданған көрініс-бейнелерді қалыптастырушы факторлар ретінде, 1-диаграммада көрсетілгендей, 88,7 % отбасын, 41,9 % салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты, 22,6 % қоршаған ортаны (достар т.б.), 19,4 % әдебиетті, 17,7 % мәдениетті белгілеген. Сауалнамаға қатысушылардың тілдік санасына әлеуметтік желілер, тарих, кино, мультфильм, өнер туындылары, мектеп, ЖОО, БАҚ, балабақша, мемлекеттік бағдарламалар да ықпал еткен.




1-диаграмма. «Көрімдік» ассоциациялық өрісін қалыптастырушы факторлар

Зерттеуде ұсынылған келесі стимул — құйрық-бауыр. Құйрық-бауыр — құдаласу рәсімінде, құдалықты бекіту мақсатында ұсынылатын тағам атауы. Сөздікте: «Құда болды (болып), құйрық жесті — Біреудің қызын баласына алып берді немесе қызын біреудің баласына күйеуге берді; жекжат болды»; «Құда болып, құйрық-бауыр жесті — Құда болу рәсімін істеп, құдаласты» деген түсіндірме берілген [22]. Ә. Қайдар құйрық-бауыр асатуды салт деп көрсетеді: «бұл құдалық дәстүр рәсімі екі жақ келісіп құда болған жағдайда оларға құйрық-бауыр салып арнаулы сый әкеледі. Әкелуші әйел «бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болындар» деп тілек білдіреді. Одан барлық құдалар ауыз тиеді. Құйрық-бауыр қазақ дәстүрінде құда болудың заңды белгісі — құжат болып бекітілген. «Құйрық-бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе (мәтел)» [4; 341]. Респондент жауаптарын талдау барысында құйрық-бауыр сөзінің 22 көрініс, бейнемен ассоциацияланғаны анықталды. Соның негізгісі — құдалық сөзі. Бұл реакция 18 респонденттің жауабында тіркеліп, ассоциациялық-вербалды өрістің орталығына орналасты. Себебі құдалық лексемасы — ең көп қайталанған бірлік, ол тәжірибеге қатысушылар жауабының 29,03 %-ын құрап отыр.

Информанттар жазған келесі ассоциациялар мыналар, бұл жауаптардың көпшілігінде құдаласу рәсімімен байланысты ұғым-түсініктер қамтылған. Мәселен, құда(лар) (8); қазақтың ұлттық салт-дәстүрі (5); құдаларға берілетін (қойылатын, ұсынатын) ас (4); тағам, Құдаласқан құдаларға жегізетін тағам, Құдалардың бір біріне беретін тағамы (4); той (3); тамақ (3); құдалардың жеуі (2); ет (2); құйрық-бауыр (1); құдаларға жегізетін дәм (1); екі құда бір-біріне береді (1); Тіркес деп ойлаймын. Жақын араласқан деген (1); қой (1); қойдың майы (1); үйлену (1); астың түрі (1); бауырым (1); туысқандар (1); қуырдақ тағамы (1); ит тағамы (1); Құда, құда дегізген құйрық-бауыр жегізген (1). Алынған жауаптардан құйрық-бауыр стимул-сөзінің құдалық, құда, салт-дәстүр, тағам, бауыр, туыс, қой секілді көріністермен бейнеленетіні анықталды. Соңғы реакция интермәтіндік сипатта берілген, яғни отбасы ғұрып фольклорында құйрық-бауыр асату кезінде айтылатын өлеңнің 2-тармағынан алынған: Құда, құда дегізген, Құйрық-бауыр жегізген. Айналайын баладан, Құдасы бар дегізген. Немесе: Құда, құда дегізген, Құйрық-бауыр жегізген. Құйрық-бауыр жемесе, Несіне құда дегізген [23; 158]. Құдалықты өткізбейтін қазақ отбасы кемде-кем, сондықтан әрбір құдалықта құйрық-бауыр ұсынар кезде айтылатын өлең жолдары жадыда сақталған. Осы тұста А. Леонтьевтің: «әр халықтың дүниетанымы мен түсінігі өзіне тән заттық мағыналар жүйесіне, әлеуметтік стереотиптерге, когнитивтік схемаларға негізделеді, адам санасы әрқашан этникалық шартты», – деген пікірін келтіруге болады [24; 20].

Ассоциациялық-вербалды өрісте анықталған «құйрық-бауыр — құдалық» когнитивтік схемасы қазақ тіліндегі «Отбасы» концептісінде толық ашылады. Бұл концептіге қатысты бірнеше жарияланымдар бар [25-27]. Соның ішінде «Отбасы» концептісін сөз еткен Ғ.А. Байтилеуова және т.б. [27] зерттеуі негізінде «құйрық-бауыр — құдалық» ассоциативті қатынасын аталған концепті құрылымындағы «ағайын-туыс», «некелесу», «отбасылық дәстүр» слоттарымен байланыстырамыз, өйткені құдалық сөзі — бірімен-бірі тығыз байланысып жатқан бірнеше лингвомәдени мағынаны бойына жинақтаған бірлік. Респондент жауаптарынан алынған нәтиже қазақ жастарының этномәдени санасында «Той» концептісімен де ұштасады. Бұл «отбасылық мейрам-той — құдалық — құйрық-бауыр асату рәсімі» семантикалық тізбегінің үзілмей, бүгінге дейін жеткенін дәлелдейді.

Алынған ассоциациялардың тілдік санада қалыптасуына «Не әсер етті?» деген сұраққа (2-диаграмма) 75,8 % отбасын, 48,4 % салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты, 19,4 % қоршаған ортасын (достары т.б.), 17,7 % әдебиетті, 8,1 % тарихты, 8,1 % мәдениетті, 8,1 % мектепті, 6,5 % кино, мультфильмді, 3,2 % әлеуметтік желілерді, 1,6 % өнер туындыларын көрсетті. Құйрық-бауыр стимулының құдалықпен ассоциациялануына отбасы, салт-дәстүр ықпал еткен, өйткені құдалық — қазақ халқының салт-дәстүрімен байланысты атқарылатын отбасылық мейрам-тойларының бірі.




2-диаграмма. «Құйрық-бауыр» ассоциациялық өрісін қалыптастырушы факторлар

«Қазақ оюы — этн. колөнер. Үй жиһаздарын, сәндік, тұрмыстық бұйымдар мен киімдерді нақыштап безендіруге қолданылатын өрнектер. Жануардың сыртқы пішініне ұқсас келетін «қошқар мүйіз — қошқардың мүйізі тәрізді өрнек, ою» [22]. Қазақ халқы төсенішті, киім-кешекті, басқа да бұйымдарды сәндеп, безендіру үшін ою-өрнектің осы түрін молынан қолданған. Қазір де қошқар мүйіз ою-өрнегі түрлі заттарды айшықтауда салынады (тігіледі). Респонденттерге ұсынылған келесі стимул-сөз қазақ оюының атауы — *қошқар мүйіз*. Эксперимент кезінде бұл сөзге қатысты 16 реакция алынды. Сауалнамаға қатысушылардың 34-і ою сөзін жазған, сонымен қатар 7 респондент осы лексикалық бірлік қатысқан *Оюдың түрі* (3); *Қазақтың оюы* (2); *Ою атауы* (2) деген тіркестермен репрезентациялаған. *Қошқар мүйіз* — ою ассоциациясы 41 жауапта берілген, бұл информанттардың

66,12 %-ын құрайды. Ою этнолексикасы *қошқар мүйіз* ассоциациялық-вербалды өрісінің өзегіне жатады. Бұған қоса *ою-өрнек* (4); *қой* (3); *қошқар* (2); *қошқардың мүйізі* (2); *мүйіз* (2); *қазақи ою-өрнек* (1); *өрнек* (1); *ақ киіздегі қызыл қошқар мүйіз өрнегі* (1); *қазақтың қос мүйізді өрнегі* (1); *киіз* (1); *ешкінің мүйізі* (1); *тау* (1); *би* (1) деген реакциялар да алынды. Осылардың ішінде *ою-өрнек*, *өрнек* репрезентациясы 8 адамның жауабында кездеседі. Сөйтіп, *қошқар мүйіз* стимулы қазақ жастарының санасында негізінен *ою-өрнекпен* ассоциацияланатыны байқалды. Ал *білмеймін* (2); *еш нәрсе* (1) жауаптары респонденттердің тілдік санасында осы ұғым-түсінікке қатысты көрініс, бейнелердің қалыптаспағанын, не мағынасын түсінбегенін, не жауап беруден бас тартқанын білдіреді.

